



1. Статистикалық байқаудың мақсаты

Осы нысанның байқау мақсаты электробаланс құру, энергетикалық жабдықтың жұмысы мен құрамы және өнеркәсіптегі электрлік жақтану болып табылады.

2. Респонденттер тобы

Көрсетілген нысанды «Электр энергиясын өндіру және бөлу» (ЭҚЖС коды – 40.1) экономикалық қызметтің негізгі және негізгі емес түрлерімен заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ электр энергиясын тұтынған өнеркәсіптік қызмет атқарған барлық заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелері (ЭҚЖС коды – 10-41) толтырады және жыл сайын мемлекеттік статистика органдарына табыс етеді.

3. Нысанда пайдаланатын терминдер мен анықтамалар

Электробаланс электр энергиясының келіп түсу көздері мен оларды тарату тарауларын сипаттайды. Кәсіпорынның электробалансы электр энергиясының кірісі мен шығысынан тұрады.

«Өндірілген электр энергиясы» көрсеткішінде есепті жылы кәсіпорынмен (ұйыммен) өндірілген электр энергиясының көлемі жайында мәліметтер береді, олар өнеркәсіп статистикасы нысандарының басқа да сәйкес көрсеткіштерімен тең болу керек.

Электр стансасының жыл аяғындағы қуаты – пайдаланылуға қабылданған барлық бу және газ турбиналарының, бу машиналарының, іштен жанатын қозғалтқыштар мен электр генераторларымен байланысты және электр энергиясын өндіруге арналған басқа да механикалық қозғалтқыштардың атаулы қуаттарының жиынтығы. Қуаттардың аталған жиынтығына электр стансасының өз мұқтаждарына арналған генераторлардың бастапқы жылу қозғалтқыштарының қуаттары да енгізіледі.

Электр энергиясының шығындарының барлығы – желіге жіберілген электр энергиясы мен өзінің өндірістік қажеттіліктеріне және абоненттерге жіберілген пайдалы электр энергиясы арасындағы айырма.

Технологиялық шығындарға электр желілерімен электр энергиясын тарату кезінде болған физикалық процесстермен түсіндірілетін және электр желілерінде электр энергиясының бір бөлігін жылуға айналдыруда көрініс алатын табиғи шығындар жатады. Бұларға жүктеме шығындар, бос жүрісті шығындар және климатқа байланысты болған шығындар жатады.

Коммерциялық шығындарға электр энергиясын есептеу жүйесіндегі қателіктерден болған шығындар жатады.

4. Әдіснамалық түсініктемелер

1 бөлім. Электр стансасының (кәсіпорынның) есепті жылы өндірген электр энергиясының мөлшері генератордағы есептегіштердің көрсеткіштері бойынша анықталады.

Есеп бергенде осы кәсіпорынның алған және жіберген электр энергияларының арасындағы айырмасы емес, сырттан алынған нақты электр энергиясының барлық саны көрсетіледі. Алынған электр энергиясының көрсеткіштері сатқан кәсіпорынның (ұйымның) көрсеткіші мен есептерінде бірдей болуы үшін алдын-ала сол кәсіпорынмен (ұйыммен) келісіп алынуы қажет.

Тұтынылған электр энергиясына сыртқа берілген электр энергиясы санын шегеріп тастағандағы өз электр стансасының өндірген және сырттан алынған электр энергиясының барлық саны жатады. Мұнда сыртқа берілген электр энергияларына өзінің өнеркәсіптік емес шаруашылықтарына және ұйымдарына жіберілген электр энергиясы теңеседі. «Кәсіпорынның ішінде пайдаланғаны» көрсеткішіне электр стансасының өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалғаны және электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіруге тұтынғаны кіреді.

1. Цель статистического наблюдения

Целью наблюдения данной формы является составление электробаланса, работа и состав энергетического оборудования и электровооруженность труда в промышленности.

2. Круг респондентов

Указанную форму заполняют и представляют ежегодно в органы государственной статистики все юридические лица и их структурные подразделения с основным и неосновным видом экономической деятельности «Производство и распределение электроэнергии» (код ОКЭД 40.1), а также все юридические лица и их структурные подразделения, осуществлявшие промышленную деятельность (код ОКЭД 10-41), потреблявшие электроэнергию.

3. Термины и определения, используемые в форме

Электробаланс характеризует источники поступления и статьи распределения электрической энергии. Электробаланс предприятия состоит из прихода и расхода электрической энергии.

В показателе «Выработано электроэнергии» приводятся данные о количестве электроэнергии, выработанной предприятием (организацией) за отчетный год, которые должны быть равны аналогичным показателям форм статистики промышленности.

Мощность электростанции на конец года представляет собой сумму номинальных мощностей всех принятых в эксплуатацию паровых и газовых турбин, паровых машин, двигателей внутреннего сгорания и других механических двигателей, связанных с электрическими генераторами и предназначенных для выработки электроэнергии. В указанную сумму мощностей включаются и мощности первичных тепловых двигателей с генераторами собственных нужд электростанции.

Потери электроэнергии всего – разность между отпущенной электроэнергией в сеть, количеством электроэнергии, израсходованной на собственные производственные нужды и количеством полезно отпущенной электроэнергии абонентам.

К технологическим потерям относятся естественные потери, обусловленные физическими процессами, происходящими при передаче электроэнергии по электрическим сетям и выражающимися в преобразовании части электроэнергии в тепло в элементах сетей. К ним относятся нагрузочные потери, потери холостого хода и климатические потери.

К коммерческим потерям относятся потери из-за погрешностей системы учета электроэнергии.

4. Методологические пояснения

Раздел 1. Количество выработанной (предприятием) электроэнергией за отчетный год определяется по показаниям счетчиков генератора.

В отчете указывается все количество фактически полученной со стороны электроэнергией, а не разница между количеством электроэнергии, полученной и отпущенной данным предприятием. Показатель количества полученной электроэнергии должен быть предварительно согласован с предприятием (организацией), у которой электроэнергия покупается, чтобы эти данные были одинаковы в отчетах этих предприятий (организаций).

К потребленной электроэнергии относится все количество электроэнергии, выработанной своей электростанцией и полученной со стороны, за вычетом количества электроэнергии, отпущенной на сторону. При этом к отпуску на сторону приравнивается электроэнергия, отпущенная своим непромышленным хозяйствам и организациям. Показатель «Потреблено внутри предприятия» состоит из потребления электроэнергии на производственные нужды электростанции, включая потребление электроэнергии на производство электроэнергии и теплоэнергии.



4. Әдіснамалық түсініктемелер

Егер кәсіпорын электр энергиясымен бірнеше облыстың тұтынушыларын қамтамасыз ететін болса, онда электр энергиясы желілеріндегі шығындарды (2,3,4,5,6,7 бағаналар) облыстар бойынша бөлу қажет. Тораптардағы жоғалған электр энергиясы туралы аумақтар бойынша тікелей деректер кәсіпорында болмаған жағдайда сол облыстардың тұтынушыларына жіберілген электр энергиясы санына шартты пропорционалды түрде облыстар бойынша бөлу қажет. Мұнда басқа кәсіпорындардың электр тораптарына жіберілген электр энергиясының көлемі есепке алынбайды.

Бұл мәліметтер облыстар мен Республика бойынша электробаланс жасау үшін қажет.

«Шеттегі энергиямен жабдықтайтын кәсіпорындарға (қайта сатуға) жіберілгені» бойынша сальдо көлемі емес, яғни өзара берілген электр энергиясының айырмашылығы емес, транзиттік беруді қосқанда жыл ішінде осы кәсіпорынның нақты берген электр энергиясының барлық көлемі көрсетіледі. «Қайта сатушылар» бар болған жағдайда көтермелеп сатып алу мен тұтынушыларға (мысалы, қалалық коммуналдық электр жүйелеріне және т.с.с.) қайта сату бойынша арнаулы ұйымдарға электр энергиясын беру көрсетіледі.

Есеп бергенде қайта сатушыларға жіберілген электр энергиясының нақты көлемі, яғни қайта сататын кәсіпорынмен құны өтелген электр энергиясының мөлшері көрсетілуі керек. Атап айтқанда, қайта сатушыға жіберілгеннің ішіне пайдаланған электр энергиясының құны сатушыға емес қайта сатушыға құны өтелген кәсіпорындардың пайдаланған электр энергиясының мөлшері кіреді.

«Өз шаруашылық қажеттіліктері» бойынша өндірістік және тұтынушы кәсіпорындардың өндірістік емес бөлмелерін жарықтандыруға, сондай-ақ электр мен жылу энергиясын өндірумен байланысты емес электр энергиясын техникалық мақсаттарға пайдалану көрсетіледі.

2 және 3 бөлім. Бұл бөлімдерде әрбір кәсіпорынмен жіберілген және алынған электр энергиясының көлемі көрсетіледі, Қазақстан Республикасының қай облысынан немесе басқа елден (егер электр энергиясы басқа елге жіберіліп немесе басқа елден алынып жатса) алынғаны немесе жіберілгені көрсетіледі.

4 бөлім. Бөлімде есепті жылдың соңына өндірістік процесті қамтамасыз ететін орнатылған энергетикалық жабдықтың құрамы көрініс алады.

Бөлімнің 1, 2 бағаналарында есепті жыл аяғындағы кәсіпорында орнатылған энергетикалық жабдықтың әрбір түрінің (механикалық қозғалтқыштар, электрлі қозғалтқыштар, электрлі аппараттар) саны мен жалпы қуаттары жайында мәліметтер келтіріледі. Бұл соммаға уақытша жұмыс істемей тұрған және жөндеуде, қайта құрастыруда, резервте немесе консервацияда тұрғандардың қуаттары да кіреді.

5 бөлім. Бөлімді өзінің шаруашылығында электр стансалары немесе электр энергиясын өндіруге арналған электрлі генераторлық қондырғылары бар барлық кәсіпорындар олардың қуатына, орнатылған жеріне, тоқ түрлеріне, электр энергиясын пайдалану сипатына, стационарлы немесе жылжымалы электр стансасы екеніне, жұмыс істейтініне немесе істемейтініне, электр стансасы кімге тиісті немесе жалдамалы екеніне қарамастан тапсырады. Деректер әрбір стационарлы және жылжымалы электр стансасы бойынша көрсетіледі.

6 бөлім. Орташа жалақыны және басқа да орташа шамаларды есептеу үшін қабылданған қызметкерлердің саны №1-Т «Еңбек жөніндегі есеп» нысанында кәсіпорын көрсеткен санға сәйкес болуы керек.

Негізгі қызметтің персоналы – өндірісте негізгі өнімді (тауарларды, қызметтерді) және негізгі өніммен қоса өндірілетін, басқа ұйымдар мен кәсіпорындарға сатуға болатын жанама өнімдердің өндірісіне қатысатын қызметкерлер.

4. Методологические пояснения

Если предприятие снабжает электроэнергией потребителей нескольких областей, то потери электроэнергии в сетях необходимо распределить по областям (гр.2,3,4,5,6,7). На предприятиях, где нет прямых данных о потерях в сетях в территориальном разрезе, распределение по областям произвести условно пропорционально количеству электроэнергии, отпущенной потребителям данной области. При этом количество отпущенной электроэнергии непосредственно в электросеть других предприятий в расчет не принимается.

Эти сведения необходимы для составления электробаланса по областям и республике.

“Отпущено сторонним энергоснабжающим предприятиям” указывается все количество электроэнергии, фактически отпущенное за год данным предприятием, включая транзитные передачи, а не сальдированная величина, т.е. не разница между взаимно переданными количествами электроэнергии. При наличии “перепродавцов” показывается отпуск электроэнергии специальными организациями по оптовой покупке электроэнергии и перепродаже ее потребителям (например, городским коммунальным электросетям и т.п.).

В отчете должно быть показано фактическое количество отпущенной электроэнергии перепродавцу, т.е. количество за которое перепродавец оплачивает энергосбыту. В частности, в отпуск перепродавцу должно быть включено и количество электроэнергии, потребленное предприятиями ведущими расчет за потребленную электроэнергию не с энергосбытом, а с перепродавцом.

В “Собственные хозяйственные нужды” включается освещение непромышленных помещений производящих и потребляющих предприятий, а также потребление электроэнергии на технические цели, не связанные с выработкой электроэнергии и теплотенергии.

Раздел 2 и 3 В разделах показывается все количество электроэнергии отпущенной и полученной каждым предприятием, с указанием области Республики Казахстан или другой страны (в случае получения электроэнергии из-за пределов или отпуска ее за пределы республики).

Раздел 4. В разделе отражается состав установленного энергетического оборудования, обслуживающего производственный процесс, на конец отчетного года.

В графе 1 и 2 раздела приводятся сведения о количестве и суммарной мощности каждого вида энергетического оборудования (механические двигатели, электродвигатели, электроаппараты), установленного на предприятии по состоянию на конец отчетного года. В эту сумму включаются мощности временно не работающие и находящиеся в ремонте, реконструкции, резерве или на консервации.

Раздел 5. Заполняют все предприятия, имеющие в своем хозяйстве электростанции или электрогенераторные установки, предназначенные для выработки электроэнергии, независимо от мощности, места установки оборудования, от рода тока, характера использования электроэнергии, стационарная или передвижная; действующая или бездействующая электростанция; от принадлежности электростанции – непосредственно предприятию или в арендном пользовании. Данные приводятся отдельно по каждой стационарной и передвижной электростанции.

Раздел 6. Численность работников, принимаемая для исчисления средней заработной платы и других средних величин должна соответствовать численности, указанной предприятием в форме № 1-Т “Отчет по труду”.

Персонал основной деятельности – работники, занятые непосредственно на производстве основного продукта (товаров, услуг) и побочных продуктов, получаемых наряду с основными, которые могут быть реализованы другим организациям или предприятиям.

5. Арифметика-логикалық бақылау

1 Бөлім.

1 жол «Кіріс» = 2 жол+3 жол, барлық баған бойынша;
4 жол «Шығыс» = 5 жол+12 жол+ 37 жол, 1,2 баған бойынша;
5 жол = 6 жол+7жол = 8-11 жолдардың қосындысына, 1,2 баған бойынша;
12 жол = 13-20, 28-36 жолдардың қосындысы барлық баған бойынша;
20 жол = 21-27 жолдардың қосындысы, барлық баған бойынша;
37 жол = 38+39 жолдар, барлық баған бойынша.

1 жол «Кіріс» = 4 жол «Шығыс»

5. Арифметико-логический контроль

Раздел 1.

Строка 1 «Приход» = стр.2 + стр.3, по всем графам;
Строка 4 «Расход» = стр. 5 + стр.12 + стр. 37, по гр. 1,2;
Строка 5 = стр.6+стр.7 = сумме строк 8-11, по гр. 1,2;
Строка 12 = сумма строк 13 - 20, 28 - 36, по всем графам;
Строка 20 = сумма строк 21 – 27, по всем графам;
Строка 37 = стр. 38 + 39 по всем графам.

Строка 1 «Приход» = строка 4 «Расход»